

Ленин

Советтік Қазақстан Облыстық Комитетінің, өңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 227
(6928)
1944 жыл
Сәрсенбі
15 ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

КЕҢЕС ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ ЖЕҢІСІ

е күні туды!

жері неміс-фашист басқыншылар-
етілді. Кеше еліміздің онекі қала-
ыйырма дүркін артиллерия оғы
халқымыздың өміріндегі бұл ұлы
хұрмет көрсетілді. Жүрегіміз
пен қуанышқа бөленді. Біз бұл
ман еттік, біз бұл күннің тууы
естік. Бұл үшін біз ауыр сыннан
л үшін Отанымыздың игі жақсы
мен қыздарының қаны төгілді.
және қолбасшымыздың даныш-
басшылығымен біз жеңіске ұмтыл-
ір көсеміміздің, кеменгер Сталин-
аны келді. Бізде мереке күні ту-
нымыздың шебінен жау қуылды.
зды жеңбекші, оның жерін жаулап
оны бостандығы мен тәуелсіз-
айырмақшы болып есуастықпен
стік әрекет жасағаны үшін жау
ам қанымен сазайып тартты және
Тарихымыздың: кімде-кім біздің
ісермен ұмтылса, ол сол семсер-
і деген қағыйдасына залым жау
ұшырап отыр.

жаудан кегіміз әлі алынып бол-
Біздің ыза мен кегіміздің жой-
н ол әлі білетін болады. Соғыс
рінен фашистік Германияның же-
тырылды. Сағат онекіні соққалы
ның үңгіріне ақырғы талқандау
берілгені тұр. Гитлершіл аюан-
й барлық жағынан қоршалды,
жаудың амал-айласының ешқай-
сөзсіз толық талқандалудан құт-
айды.

шамдары Сталин жолдастың Ұлы
Социалистік Революциясының 27
туралы тарихи баяндамасын күн-
тындады. Сталин жолдас кеңес
қолы жеткен жеңістері туралы
ның баяндамасы біз өткен кезең-
ды. Ол біздің ұлы кезеңімізде
рих оқиғаларды талдап айтты.
алға басуымыздың мүмкіншілігін
біздің болашағымыз туралы ай-
мыздың астанасында және оның
шебінде көсем сөзін тыңдаған
бәрі өзінің көсеміне, әкесі
зына шын жүрегімен, барлық
і қосты. Сталинге деген сүйіс-
міздің шегі жоқ, бүкіл дүние жү-
хи маңызды оқиғалар оның ес-
танысты, оның даншыпандығы
ы қаһарлы соғыс сынынан өт-
неміс аскыншыларды біз жола-
ейіп шығуға бізді бастап келеді.

қ баяндамасы — большевиктік
Ленин—Сталин партиясының
мен халқымыздың істеген аса-
нн қорытындысы. Революция-
рма жеті жылдығы Отан соғы-
тінші жылында кез болды. Со-
тен екі жылы Қызыл Армия қор-
арын жүргізуге мәжбүр болған
әскерлері шабуыл жасаған жө-
ліміздің ішіне қарай ілгерілеген
а. Соғыстың үшінші жылы біз-
да негізінен өзгеріс туған жыл
і жылы Қызыл Армия қуатты
рыстарын өрістетті, бірсыпыра
ыстарда немістерді талқандады,
нн үштен екісін неміс әскерле-
тып, неміс әскерлерін қорғану-
душар етті.

алдардың бәрінде Қызыл Армия
ан елеулі көмек ала алмай, со-
те-жек жүргізді. Соғыстың төр-
і мен өткен жылдарының ара-
ді айырмашылық бар. Бұл жыл
сы мен одақтастарымыздың ар-
і неміс әскерлеріне қарсы ұрыс-
ші жеңістерге жеткен жыл
істер екі майданда соғыс жүр-
ір болды, сөйтіп олар елеулі
шырады. Олар Кеңестер Ода-
нияның, Бельгияның, Орта
жерінен қуып шығарылды.
жерінде шайқасуға душар етіл-
і екі майданның арасында қыс-
а, бұдан фашист қаныпезерлер
ыққан еді.

олдас өзінің баяндамасында
дің неміс әскерлеріне берген
ыларын суреттеді. Үстіміздегі
айы ішінде жауға осындай он-
ді. Финляндияның солтүстігі-
жоталарына дейінгі кең бай-

тақ кеңес-герман майданының барлық учас-
келерінде жауға осындай соққылар беріл-
ді. Бұл соққылардың нәтижесінде Ленин-
град облысы, Оңжақ жағалаудағы Укра-
ина, Қырым мен Одесса, Кеңестік Карель
Фини республикасы, Белорус КСР, Батыс
Украина, Молдавия КСР, Кеңестік При-
балтика оккупанттардан азат етілді. Қы-
зыл Армия өзінің ойдағыдай қыймыл жа-
сауымен Румынияны, Финляндия мен Бол-
гарияны фашистік Германиямен саяси және
соғыс одағын үзуге, өзінің қаруын Гитлер-
ге қарсы жұмсауға душар етті. Қызыл Ар-
мия одақтасымыз Польша жерінің едәуір
бөлегін азат етіп, бізбен одақтас Югосла-
вия мен Чехословакияға жәрдемдесуде.
Быйылғы жылдың ұрыс қыймылдарының
қорытындысында немістердің және олар-
дың одақтастарының 120 дивизиядай әс-
кері қыйратылып, қатардан шығарылды.

Батыр Қызыл Армия мен одақтастары-
мыздың айбынды армиялары гитлершіл қа-
рақшылардың басқанын жеріне, басқанын
мүлкіне деген құлқын біржолата жояды.
Біріккен ұлттардың әскерлері немістің
қанішерлік шапқыншылығынан өткен уақыт-
та жапа шеккен және қазір жапа шегіп
отырған адамдардың барлығы аңсап күт-
кен үкімді орындау үшін күш жұмсауға
бекім бел байлап отыр.

«Міндет», — дейді Сталин жолдас, — Гер-
манияны келешекте де екі майданның ара-
сында қыспақта ұстау болады.

Жеңіс кілті осында.

Гитлер Германиясы апатқа ұшырағалы
тұр. Оның қуатты, жақсы әзірленген ар-
миясы болатынды. Оның қарамағында өзі-
нің сыйа ластарының едәуір армиялары
болатынды. Ол бүкіл Еуропаның дерлік
өндіріс күштерін пайдаланды. Ол халық-
аралық жерінен өрескел бұзып, соғыста
барлық құрал мен әдісті қолданды. О-
миллиондаған құлдарды өзіне жұмыс істеу-
ге душар етті. Вильгельмнің «Сауыт құр-
санған әскері» гитлер Германиясының со-
ғыс машинасынан әлде қайда әлсіз болды.
Соғыс жүргізу жағдайы фашистік Герма-
ния үшін көп жағынан қолайлы болды. Бұл
жағдайларға қарамастан, гитлер Германия-
сы және оның фашистік армиясы өткен
барлық соғыстардағы Германия мен оның
армиясынан неғұрлым күшті, залым және
тәжірибелі дұшпан болып шыққанына қа-
рамастан, — ол бұл соғыста қыйратылды,
ол ұтылды.

Кеңестер Одағы күш жағынан гитлер
Германиясынан басым болды. «... ке-
ңес мемлекетінің экономикалық негізі жау
мемлекеттердің экономикасынан әлде қай-
да күшті болып шықты». (И. Сталин). Бу-
лан жыйырма жеті жыл бұрын кеменгер
Ленин мен Сталин орнатқан кеңес мем-
кеті теңдесі жоқ соғыстың қатал сыны-
ан халқымыздың абройымен өтті. Біз ес-
кеніп шығуға мүмкіншілік берге зор
күш, тамаша қасиеті бар екендігін көрсет-
ті. Шаруашылықтың социалистік түрі гит-
лер Германиясының экономикасынан әлде
қайда өнімді, ыңғайлы, шыңдалған болып
шықты. Біз жауынгерлеріміздің теңдесі
жоқ батырлығы, олардың ұрыстағы табан-
дылығы, олардың моральдық жағынан
артықшылығымен ғана емес, индустрия-
ның, қару-жарағымыздың артықшылы-
ғымен де, ұрыс техникасының сапалылығы
мен де жауға жеңдік, жеңіп келеміз. Қызыл
Армияның танктері, зеңбіректері, самолёт-
гері қазіргі уақытта неміс армиясымен кі-
кем емес, қайта одан көп. Еліміз эконо-
микалық жақтан жауды жеңіп шықты.

Жеңістеріміздің кілті—кеңестік социалис-
тік құрылыста.

Бұдан жыйырма жеті жыл бұрын им-
периалистер өкметін жойып, халқымыз өзі-
нің тарихында тұңғыш рет өзі үшін жұмыс
істеуге, өзінің тұрмысын жаңа әлеуметтік
негізде құруға, қанаушылар мен қанау-
шыларсыз, құлдар мен мырзаларсыз, ұлт
қанаушылығынсыз өмір сүруге мүмкінші-
лік алды. Соғыста ол Отанымыздың бос-
тандығы мен тәуелсіздігін, адамзат қоғамы
ның өркендеу жолында жаңа дәуір ашқан.
Октябрь Социалистік революциясының ұлы
жеңістерін қорғауда «Халқымыздың фа-
шизмге қарсы аяқастағы күші осында. Хал-
қымыздың соғыстың қыйыншылығына,
оның алғашқы кезіндегі сәтсіздікке, кері

Қазіргі уақытта, Отан соғысы жеңіспен
аяқталуға жақындаған кезде, кеңес халқының
тарихи орны барынша толық көрінеді. Кеңес
халқы өзінің жанқиярлық күресімен Еврста
мәдениетін фашист талаушылардан құтқарға-
нын қазір жұрттың бәрі мойындап отыр. Ке-
ңес халқының адам баласының тарихы алдын
дағы ұлы еңбегі осында.

И. СТАЛИН.

шегіндің ауыртпалығына төтеп берген те-
мірдей берік тегеуріні осында. Халқымыз-
дың соғыс уақытының ауыртпалығы мен
қыйыншылығына төтеп берген тамаша ерлі-
гі де осында. Күрес пен жеңіс үшін май-
дан некеректің бәрін алған және алып
отырған еңбектегі ғажап батырлық та
осында. Кеңес тылының өмірі мен еңбегін-
дегі жоғары рухани сезім дәрежесі, жан
жүйесін билеген ғажап жігер де осында.

Отан соғысында халқымыз қаһарман ха-
лық деген даңққа жеткізген ерлік істер
істеді. Сталин жолдас жеңіс ісі үшін өз-
дерінің барлық күшін жұмсаған жұмысшы-
лардың, бұл іске баға жетпес үлес қосқан
интеллигенцияның, Қызыл Армияның со-
ғыс жүргізіп, жауды жеңуіне көмектескен
колхозшылардың еңбегін шын жүрегінен
сүйіспеншілікпен атап көрсетеді. Сталин-
нің сөздерінде соғыс уақытының талабы
дәрежесінде болып, фабрикалар мен завод-
тарда, колхоздар мен совхоздарда еңбек-
тің негізгі салмағын көтерген кеңес әйел-
дері мен даңқты кеңес жастарына деген
әкелік мейірбандық көрінеді.

«Майдандағы жауынгерлеріміздің соғыс-
ағы мәңгі өшпейтін ерлік істері сыяқты,
ылдағы кеңес адамдарының еңбек майда-
ындағы ерлік істерінің де қайнар бұлағы
— рух беруші жалынды кеңес отаншылды-
ында» (И. Сталин).

Кеңес отаншылдығы өзінің табиғилығы
жағынан әрі жоғары әрі қасиетті. Оның
негізінде нәсілдік, ұлтшылдық қалдығы
жоқ. Халықтың өзінің кекестік Отанына
иесіз берілгендігі мен сенімділігі, елі-
міздің барлық ұлттары еңбекшілерінің
туысқандық достығы—оның негізі міне
осы. Кеңес отаншылдығында халықтардың
ұлттық дәстүрлері мен Кеңестер Одағы-
ның барлық еңбекшілерінің жалпыға ортақ
тұрмыс мүддесі тығыз ұштасқан. Ол елі-
міздің барлық ұлттары мен халықтарын
ажыратпайды, қайта оларды туысқандық
бір семьяға біріктіреді. Кеңес адамы өз
отанын, өз халқын сүйеді. Сонымен қа-
тар ол шет ел халықтарының пұрсаты мен
тәуелсіздігін қадірлейді.

«Соғыстың барысында гитлершілдер со-
ғыс жағынан ғана емес, сондай-ақ мораль-
дық-саяси жағынан да жеңілді. Елімізде
барлық нәсілдер мен ұлттардың бекінген
теңдік идеологиясы халықтардың туыс-
қандық идеологиясы гитлершілдердің аюан-
дық ұлтшылдық және нәсілдік жек көру-
шілік идеологиясын толық жеңіп шықты.

Қазіргі уақытта, Отан соғысы жеңіспен
аяқталуға жақындаған кезде, кеңес халқы-
ның тарихи орны барынша толық көрінеді.
Кеңес халқы өзінің жанқиярлық күресімен
Еуропа мәдениетін фашист талаушылардан
құтқарғанын қазір жұрттың бәрі мойындап
отыр. Кеңес халқының адам баласының та-
рихы алдындағы ұлы еңбегі осында»
(И. Сталин).

Гитлер Германиясына қарсы күресте ке-
ңес халқы бостандық сүйгіш ұлттармен
ырлесіп іс етуде. Өткен жыл Германияға
қарсы одақтың ортақ ісінің мерейі үстем
болған жыл болды. Кеңестер Одағының,
Ұлы Британия мен Америка Құрама Штат-
тарының халықтары осы ортақ іс үшін
жауынгерлік одақ болып бірікті. Бұл жыл
негізгі үш мемлекеттің гитлер Германия-
сына қарсы қыймылдарының бірлігі, ын-
ымағы нығайған жыл болды. Кеңес адам-
дары Сталиннің үш ұлы мемлекеттің қый-
мылдарының бірлігі, ынтымағы жөніндегі
мәлімдемесін өте қанағаттану сезімімен қар-
сы алды. Одақтастардың зор соғыс қый-
мылдарының жоспарлары толық және дәл-
ме-дәл жүзеге асырылуда. Германияға қар-
сы күш біріктіріп соққы беру туралы Те-
геран конференциясында жасалған жоспар
быйылғы жылдың соғыс қыймылдарында
толық және дәлме-дәл жүзеге асырылды.
Германияның майдандардың темірдей берік
қыспақ қоршауына алу—осы бірлесіп қый-
мыл жасаудың нәтижесі.

Думбартон-Окстегі конференцияның со-
ғыстан кейін хауіпсіздік ұйымдастыру жө-
ніндегі қарары да Біріккен Ұлттар майда-
нының беріктігінің осындай белгісі болып
саналады. Сталин жолдас бұл конферен-
цияла хауіпсіздік мәселелерін осымен

ғызы толық ынтымақпен шешілгендігін атап
көрсетті. Ұлы Британия үкметінің басты,
ғы Черчилль мырзамен және Ұлы Брита-
нияның сыртқы істер министрі Иден мырза-
мен жақын арада Москвада толық ынты-
мақ және достық жағдайда өткізілген ке-
ліс сөздер одақтастар майданы нығайтуы-
ның бұрынғыдан да айқын белгісі болып
саналады.

Біріккен Ұлттардың бірлігін бұзуға, бірі-
не бірі қарсы қоюға, олардың арасында
сезімдену, араздық туғызуға, өзара сен-
беушілік туғызып, мүмкіндігі болса бір-бі-
рімен шабыстырып, олардың соғыс жөнін-
дегі қыймылын әлсіретуге тырысып гитлер
шілдердің жасаған әрекетінің бәрі толық
күйреді. Гитлершілдер ұрыс далаларында
қандай жеңіліске ұшыраған болса, дипло-
матиялық майданда да сондай жеңіліске
ұшырады. Оның бұл жеңілуі үш ұлы мем-
лекет одағының беріктігін ыспаттайды.
Бұл одақтың негізі—кедей-соқ және өт-
кінші дәлелдер емес, тіршілік маңызы бар
баянды мүдделер. Біріккен Ұлттардың бар-
лық саясаты бұл мүдделерді сезу және
ұғынудан туып отыр. Демократияшыл ұлы
елдермен достығымыз қанмен нығайтылған.

«Демократияшыл мемлекеттердің жауын-
герлік одағы соғыстың үш жылдан артық
уақыты ішіндегі сындарға төтеп берген
болса, бұл одақ өздерінің бостандығы мен
намысын қорғауға аттанған халықтардың
қанмен нығайтылса, бұл одақ соғыстың
қорытынды кезеңіндегі сындарға одақ
да бетер төтеп беретіні айқын». (И. Ста-
лин).

Сталин жолдастың баяндамасында Герма-
нияның жаудан шапқыншылық бастауына
қол бермеудің шаралары, бейбітшілік ұлт-
тардың өкілдерінен бейбітшілікті қорғайтын
және хауіпсіздікті қамтамасыз ететін ха-
тықаралық арнаулы ұйым құру жолы көр-
сетілген.

Гитлер Германиясын талқандау—бейбіт-
шілік пен хауіпсіздіктің шешуші шарттары-
ның бірі. Герман империалистерінің жа-
надан шапқыншылық бастауына аздаған
мүмкіншіліктің өзі жойылуда тиіс.

Сталин жолдастың тарихи баяндамасы со-
ғыс аяқталуға жақындаған кезеңде халқы-
мызды күреске жігерлендіріп отыр. «Ста-
линнің қарапайым және терең мағнады
сөздерінде—күреске жұмылдыратын орасан
зор күш бар. Бұл сөздер әрбір жауынгер
мен командирдің, жұмысшының, шаруа-
мен интеллигенттің сезімі мен жүрегінен
орын алды. Бұл сөздер барлық еңбекші-
лердің отанымыздың барлық отаншылдары-
ның күш-қайратын тасытты. Бұл сөздер
мүлтіксіз жүзеге асырылады. Жұмысшы-
лар, шаруалар мен интеллигенция өзінің
сүйікті көсеміне еңбек майданында қажірлі
еңбек істеумен жауап беруде. Жауынгер-
лер мен командирлер өзінің данышпан қол
басшысының бұйрығы бойынша, өз қаруын
бұрынғыдан да шыңдап, жауға ақырғы
соққы беру үшін шеберлігін арттырады.

Кеңес жері неміс қарақшылардан тазар-
ғылды, барлық жеріміз азат болды.—Бұл
миллиондаған кеңес адамдарының қуаны-
шы, бақыты. Бұл—олардың еңбектегі және
ұрыстағы жігерінің қайнар бұлағы.

Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Ода-
ғының Маршалы И. В. Сталиннің 1944 жыл-
ғы 7 ноябрьдегі тарихи бұйрығында алды-
мызға мынадай жауынгерлік міндет қой-
ылды: «Қызыл Армия және біздің одақ-
тастарымыздың армиялары Германияның
тіршілігіне тұтқа болып отырған орталық-
тарына шешуші шабуыл жасайтын кезеңді
жерге жетіп тұр. Қазіргі міндет Біріккен
Ұлттардың тегеурінді шұғыл шабуылы ар-
қылы таяу мерзім ішінде гитлершіл Гер-
манияны күйретуде болып отыр».

Өзінің кеменгер көсемі және қолбасшы-
сының данышпандық басшылығымен Қы-
зыл Армия одақтастарымыздың армиялары
мен бірлесе отырып, неміс-фашист әскерде-
рін талқандау ісін аяқтап шығады, фашист
аюанды оның өз үңгірінде біржолат құртып,
Берлин үстіне жеңіс туын тігеді.

Айбынды кеңес халқы жасасын!
Ұлы Отанымыз жасасын!
Көсеміміз, әкеміз және ұстазымыз кемен-
гер Сталин жасасын!

(«Правданың» 8 ноябрьдегі басмақаласы)

Неңес Хабаршы бюросынан 13 НОЯБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

13 ноябрьде Венгрияда әскерлеріміз ЯСАПАТИ қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды, сол сияқты бірнеше елді жерлерді, оның ішінде ЯСКИШЕР, ЯС-МАХАЛТИЛЕК, ДАПИОСЕНТМАРТОН, ДАПИОБИЧКЕ, ПАНД, КАВА, ЖИГЕРИ, БЕНИЕ қыстақтары мен ПУСТА ТЮРТ, ЯСКИШЕР темір жол станцияларын алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

12 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 24-танкін қыйратты, жойды.

Венгрияда әскерлеріміз ұрыспен алға басты. Сольжок қаласының солтүстік жағында кеңес жау әскерлері мен атты әскерлері душпанның маңызды тіректі қорғану бекінісі—Яскишер темір жол станциясын алды. Бұдан соң бөлімдеріміз душпанға сездірмей әдіс жасап, Ясапати қаласына басып кірді. Көше ұрыстарының нәтижесінде қаланың немістер мен венгрлерден құралған гарнизоны талқандалды және ол гарнизон тозғындап кері шегінді. Жаудан олжа, оның ішінде 17 зеңбірек, 16 миномет, 40 пулемет және оқ-дәрі склады қолға түсірілді.

Цеглед қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз душпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, 10 километрдей алға басты. Күн тәулік ішінде гитлершілер әлде неше рет қарсы атақаға шықты, алайда, олар қуылып тасталды. Немістер мен венгрлердің 1200 солдатты мен офицері жойылды. Жаудан қолға түсірілген адамдар, бұл учаскеде кеңес әскерлерінің шабуылын тоқтатуға міндеттенген венгрлердің 20-жау әскер дивизиясының талқандалғандығын хабарлады. Бұл дивизияның жалдықтары бір-ақ батальон болды.

Күн тәулік ішінде әскерлеріміз түрлі учаскелерде душпанның 1000нан аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Шығыс Пруссияда әскерлеріміз душпанға қарсы оқ жаудырып, ұрыс жүргізді. Бір учаскеде жаудың пулеметтері кеңес шептерін үнемі атқылауда болды. Аға сержант Комаровтың зеңбірек расчеті нәсерлете оқ жаудырып гитлершілер бекінген сарайды өртеді. Бірнеше күшті взрыв болды. Өрт жалыны бұл сарайдың маңындағы басқа жора-қонсыларға да жайылды. Олардан қашып шыққан немістерге қарсы жарылғыш снарядтар атылды, атыс бекіністері жойылды. Н. бөлімінің мергендері гвардия ефрейтор Полешук, гвардия сержант Попов және қызылөскер Мороз төрт күн ішін-

де 13 гитлершілді жер жастантты.

Ужгород қаласының солтүстік-батыс жағында неміс отряды әскерлеріміз тұрған ауданға өтуге тырысты. Қалың тұманға қарамастан кеңес жауынгерлері гитлершілерді дер кезінде көріп, олардың кері шегінетін жолын кесіп өтті. Неміс отряды толық жойылды. Майданның басқа учаскесінде старшина Ракитиннің басқаруындағы бір топ барлаушыларымыз түнде душпанның шебіне өтті. Барлаушылар жаудың блиндажына басып кіріп, 10 немісті өлтірді. Барлаушыларымыз екі гитлершілді қолға түсіріп, аман есен өз бөлімдеріне қайтып келді.

1-Украин майданының бір учаскесінде бөлімшелеріміз ұрыспен барлау жүргізді. Душпан қатты қарсылық көрсетіп, қарсы атақаға шықты. Кескілескен аяқас шиеленісті. Кеңес жауынгерлері душпанды қуып тастап, немістердің 150дей солдатты мен офицерін жойды. Жаудан олжа қолға түсірілді.

Балтық теңізінде кемелеріміз немістердің 2 транспортын суға батырды.

Венгрияда, майданның бір учаскесінде венгрлердің резервтегі 5-дивизиясындағы 20-полктің лейтенант Олайоштың басқаруындағы 200 солдатты әскерлерімізге қолға берілді. Қолға берілген лейтенант Олайош былай деді: «Соңғы ұрыстарда полкіміз бас көтере алмастай болып, талқандалды. Әсресе 2-батальонның бөлімшелері ерасан зор шығынға ұшырады. Орыстар бізді түс-тұсымыздан қоршап алды. Батальон командирі майор Молнар Габор зытты. Солдаттардың арасында үрейленушілік басталды. Олар қаруларын тастап тозғындап кетті. Мен жағдайдың мүшкіл халге айналғанын біліп, барлық бөлімшелердің солдаттарына қару тастауға бұйырдым. 200 адам жыйылды. Біз қол көтеріп, орыстарға қарай жүрдік».

Көп балалы аналарға „Ардақты ана“ хұрметті атағын беру туралы

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Ол және онанда көп бала тауып, оларды тәрбиелеп өсірген төменде аталған аналарға «Ардақты ана» хұрметті атағы беріліп, «Ардақты ана» ордені мен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының грамоталары қоса тапсырылсын:

1. Аронова Панирге—үй шаруасындағы әйел, Ташкент қаласы, Өзбек КСР.
2. Абдубакирова Сандаға—Өзбек КСР, Ташкент облысының Мырзашөл ауданындағы «Октябрь» колхозының колхозшысы.
3. Бабадастова Ишцеге—үй шаруасындағы әйел, Сталинабад қаласы, Тәжік КСР.
4. Брусенко Евдокья Ивановнаға—үй шаруасындағы әйел, Харьков облысындағы Богодухов қаласы, Украин КСР.
5. Вершковская Ирина Сафроновнаға—үй шаруасындағы әйел, Украин КСРның Киев қаласы.
6. Дадамұхамедова Бахриға—үй шаруасындағы әйел, Өзбек КСРның Ташкент қаласы.
7. Дудник Лукерья Федотьевнаға—Ук-

Днепропетровскі ауданындағы Калиновка селосының колхозшысы.

8. Зияева Ахозханымға—колхозшы әйел, Тәжік КСРның Сталинабад облысы.

9. Золочевская Евдокия Константиновнаға—үй шаруасындағы әйел, Украин КСРның Харьков қаласы.

10. Мүслимова Түрсынға—үй шаруасындағы әйел, Өзбек, КСРның Ташкент селосы ауданындағы «Қызыл Еркін» колхозы.

11. Позументишкова Екатерина Викентьевнаға—үй шаруасындағы әйел, Украин КСРның Днепропетровскі қаласы.

12. Тузикова Матрена Исаевнаға—үй шаруасындағы әйел, Украин КСРдағы Вошиновград облысының Ворошиловград қаласы.

Чепуркова Мария Макаровнаға—үй шаруасындағы әйел, Украин КСРдағы Харьков облысындағы Купянскі қаласы.

14. Чупета Агафья Григорьевнаға—колхозшы әйел, Украин КСРның Днепропетровскі облысындағы Днепропетровскі ауданындағы

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Міндеттемелер алды

Сталин жолдастың Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасы мен бұйрығы Мамонтов жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылары арасында зор отаншылдық өрлеу туғызды. Заводтың барлық цехтарында митингі өткізіліп, жұмысшылар көсемнің баяндамасына жауап ретінде ұлғайтылған міндеттемелер алды. Андреев жолдас бастық болып істейтін цехта көсемнің баяндамасы мен бұйрығын оқу коллективке ауыспалы қызыл ту тапсырылумен ұштасты.

Жұмысшылар жылдық өндіріс тапсырмасын мерзімінен бұрын орындауға, екіжүзшілер қатарын көбейтуге міндеттенді.

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрығына жауап ретінде, Микоян

атындағы ет комбинатының коллективі үстеміздегі айда жоспардан тыс 50 мың сомның азық-түлігін өндіруге, еңбек өнімін еселеп арттыруға міндеттенді.

Жұмысшылар бұл міндеттемелерін аброймен орындап шығуға білек сыбана кірісті, социалистік жарысты кеңінен өрістетті. Бұл күндерде әсресе комсомол-жастардан құралған бригада мүшелері зор өрлеумен жұмыс істеуде. Чернышева, Пыльской және Кильдякина жолдастардың бригадалары сменалық тапсырманы 150—200 процент орындап жүр. Комбинатты Алексеенко, Давыденко, Щелкунов жолдастар сияқты стахановшылары еңбек өнімін 3—4 есе арттырып, өндірілген азық-түліктің сапалы болуын қамтамасыз етті.

Т. ЕСЕНОВ.

Паровозшылар қажірлі еңбекпен жауап беруде

Петропавл депосының паровозшылары кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың тарихи баяндамасымен және бұйрығымен жігерленіп, қажірлі еңбек істеуге міндеттенді.

Бас машинасы Ефимов жолдас басқарған паровозшылар бригадасы Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыста қажірлі еңбек істеп, өткен айдың өндірістік жоспарын толық орындады және 20 тонна көмір үнемдеп, социалистік жарыста көрнекті табысқа ие болды.

Бас машинасы Батталов жолдастың паровозшылар бригадасы да зор табысқа жетті. Бұл бригада өткен айда 23500 килограмм көмір үнемдеп, ауыр салмақты поезбен сапар шыққанда поездың техникалық шапшаңдығын әрбір сағатына біржарым километр арттырды, сөйтіп оның жүру жылдамдығын 850—900 километрге жеткізді.

Батталов жолдастың серігі Коновалов жолдас та жұмысты жақсы істеп жүр. Ол 14300 килограмм отын үнемдеп, октябрь айының онкүндік жұмыс тапсырмасын 10 процент орындады.

Бұл жарыстан Маликов жолдастың басқаруындағы паровозшылар бригадасы да алысатын емес. Бригада мүшелері Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың тарихи баяндамасына өндірістік жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін ноябрь айының өндірістік жоспарын 120 процент орындауға міндеттенген еді. Олар міндеттемелерін іс жүзінде орындауда.

Депоның паровозшылары төртінші тоқсанның жүк тасу жөніндегі жоспары мерзімінен бұрын орындау үшін күш жұмсауда.

Е. ИМАНТАЕВ

Сертін іс жүзінде орындауда

Петропавлдағы «Швейник» қолөнершілер артелінің жұмысшылар коллективі сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың баяндамасына жауап ретінде жылдық программаны мерзімінен бұрын толық орындауға міндеттенген еді.

Қазір артель жұмысшылары бұл міндеттемелерін аброймен орындау үшін социалистік жарысты пәрменінше өрістетіп, еңбек өнімділігін барған сайын арттыруда.

Артельде екі комсомол-жастар бригадасы бар. Медведева жолдастың басқаруы-

дағы бригада күнделік жұмыс жоспары 120—150 процент, Федорова жолдас басқаруындағы бригада 105 процент орындап жүр. Осы бригаданың мүшелері Бачева, Бордакова және Спиридонова жолдастар күнделікті жұмыс жоспарын 200—250 процент орындайды.

Артельдің стахановшылары Чикова, Горьева, Уәлиева, Новоселова және Коваленко жолдастар іс үлгісін көрсетіп жүр.

Ә. НУРМАҒАМБЕТОВ

ЖЕҢІС КҮШІН ШЫҢДАЙМЫЗ

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі Сталин жолдастың Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасы мен бұйрығы Петропавлдағы темекі фабрикасының жұмысшылары арасында зор өндірістік және саяси өрлеу туғызды. Көсемнің баяндамасы мен бұйрығын радио арқылы тыңдағаннан кейін жұмысшылар еңбек өнімін еселеп арттыруға, сөйтіп батыр Қызыл Армияның Берлин үстіне жеңіс туын тігетін салтанатты күнін жақындатуға мол үлес қосуға міндеттенді.

—Майдан үшін, жеңіс үшін, отанның игілігі үшін күні-түні тынбай жұмыс істеп, жеңіс күшін шыңдаймыз,—деді жұмысшылар.

Жұмысшылар бұл сертін аброймен орындауда. Олар завод бойынша осы айдың алғашқы онкүндік жұмыс тапсырмасын 100 процент орындап, жоспардан тыс 13 мың

темік өндіретін цехтың коллективі табысқа жетіп, жеңіс күшін шыңдауда. Олар онкүндік жұмыс тапсырмасын 117 процент орындады. Шоша жолдас басқарған майдандық темекі мол-жастар бригадасының мүшелері де еңбек өнімін күн санап арттыруда. Олар тапсырманы 150—180 процент етіп орындап келеді. Фабриканың Назырова Велик жолдастар сияқты қатардағы жұмысшылары стахановшылар қатарын шыңдауда. Құнсайын жұмыс тапсырмасын 200—250 процент орындауда.

Фабрик жұмысшылары арасында үлгілік жұмыс жолға қойылды. П. П. уйымдастырушысы Белянов жолдас 7-ші цехта үгітшілер тобын ұйымдастырып, үгітшінің үгіт жұмысын нәрменді етіп жүзін қамтамасыз етті.

Партия ұйымы қазір үш үйірме ұйымдастырды. Бұл үйірмелерге фабрика

Малды жылы қора, құнарлы азықпен қамтамасыз етіп, мәпелеп күту—мал басын көбейтудің шешуші шарты

Мал қыстатуды толық әзірлікпен үлгілі өткізейік

Ж. ТӘШЕНОВ,

Партиямыз бен үкметіміз республикамызда мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімін арттыруға үнемі зор көңіл бөліп келеді. Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қазақ КСР-нің колхоздарында мал шаруашылығын өркендете беру шаралары туралы» және «Қазақ КСР колхоздарында төл өсіру, ірі малды аман сақтау жөніндегі тапсырмаларды артық орындағаны үшін мал шаруашылығындағы колхозшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу туралы» 1944 жылғы 22 майдағы және 24 июньдегі қаулылары бұған айқын дәлел бола алады.

Облысымыздың көптеген колхоздары мал шаруашылығын өркендету және оның өнімін арттыру жөніндегі бұл қаулыларды орындай отырып, мал басын өсіру және оның өнімін арттыру жұмыстарында едәуір табысқа жетті. Қазір колхоздардың 42 проценті қара мал өсіру жоспарын, 76 проценті қой-ешкі өсіру жоспарын, 38 проценті жылқы өсіру жоспарын және 6 проценті шошқа өсіру жоспарын толық орындады.

Малдың асыл тұқымын іріктеп алу жөнінде де бірталай жұмыстар істелді. Совхоздарда қара малдың 42 проценті, жылқының 12 проценті, қой-ешкінің 51 проценті және шошқаның 86,6 проценті асыл ұқымды екендігі анықталды. Бұдан әрі өркендету үшін сыйырдан Красно-степная, ойдан «Прекос», жылқыдан орыс-ағыл-ын жылқысы және шошқадаң-ақ асыл тұымды шошқа іріктеліп алынды. Быйыл олхоздарда ірілі-усақты малдардың шыны едәуір кеміді.

Төл өсіру және ірі малды аман сақтау үресінде көрнекті нәтижелерге не болғаны үшін көптеген шопандар, бұзау күтушілер, жылқышылар еңбектеріне қосымша ақы алды. Преснов ауданындағы «Красное ямь» колхозының шопаны Батрак жолас 678 қозыны шығынсыз өсіргені үшін қосымша ақыға 41 қозы, Петропавл ауданындағы «Прогресс» колхозының бұзау күтушісі М. Маслова жолдас 25 бұзау іргені үшін қосымша ақыға 1 бұзау алды. Ленин ауданындағы «Проводник» колхозының жылқышысы Ф. Барыгин 7 бие мен 7 құлын өсіріп, қосымша ақыға бір бұзау алды. Қоңуохов ауданындағы Крупная атындағы колхоздың шошқа күтушісі Лунина жолдас әрбір мегежінен 12 рай алып, оларды шығынсыз өсірді. Бұл Лунина жолдасының еңбегіне қосымша ақыға 5 торай берілді.

Колхоздарымыз мал қыстатуға үлгілі рленбесе, мал шаруашылығындағы бұл ақты табыстарымыз жоққа шыққан бо-

лар еді. Мұны көптеген колхоздардың

малшылары жете түсініп, мал шаруашылығын өркендетудің ең жауапты кезеңі—мал қыстатуға әзірлену жұмыстарында қажірлі еңбек істеп жүр.

Полудень ауданындағы «Стахановец» колхозында (председателі Згура, ферма меңгерушісі Киев жолдастар) мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары түліктің барлық түрінен толық орындалды. Мұнда мал қоралары сапалы жөнделді. Қыстауларға мал азығының 60 проценті тасылып алынды. Мал қыстатуға әзірлікте Преснов және Мамлют аудандарының бірталай колхоздары да айтарлықтай нәтижеге не болды.

Бірақ, облысымыздың кейбір колхоздарында мал қыстатуға әзірлік жұмысы мүлде қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Соколов ауданының колхоздары мал азығын дайындау жоспарын небары 47 процент ғана орындады. Істің жөйі Қоңуохов ауданында да осындай. Соколов ауданының Ленин атындағы колхозында мал азығын дайындау жоспары 15 процент, ал Қоңуохов ауданындағы «Красная крепость» колхозында 23 процент ғана орындалды.

1 ноябрьге дейін колхоздарда мал қыстаулары жанында мал азығының 60 проценті орнына, 19,7 проценті тасылып үйілді. Сонымен, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ КСР колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірлік туралы» қаулысының жылдық мал азығының кемінде 60 проценті мал қолға алынғанға дейін, қыстауларға тасылсын деген талабы орындалмады.

Мал қыстауларына мал азығын тасу жұмысы әресе Ленин, Полудень және Приешім аудандарында ойсыраған олқылыққа ұшырады. Полудень ауданында бір жылға керекті мал азығының бар болғаны 8 проценті ғана қыстаулар жанына тасылды.

Мал азығын дайындаудағы бұл сыяқты олқылыққа бұдан әрі төзу қыс маусымында түлікті азықсыз қалдыруға әкеліп соғады. Олай болса, мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындау үшін жаппай жұмыс керек. Ол үшін егінің сабаны мен мекенін мал қыстауларына тасу жұмысын кеңінен өрістетуге қажет. Мал қыстауларына мал азығын тасу үшін жеткілікті мөлшерде тасымал күштерін бөліп, олардың жұмысты өнімді істеуін қамтамасыз ету бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндет болып саналады. Сөйтіп, 25 ноябрьге дейін мал

қыстауларына мал азығының кемінде 60 проценті тасылуға тиіс.

Мал азығын жұмсау аудандық жер бөлімі белгіленген айлық жоспар бойынша жүргізілсін. Мал азығы жетпейтін колхоздардың мал азығы мол дайындалған колхоздардан пішен сатып алуына болады. Пішеннің үнемделіп пайдалануы үшін мал азығына сабан мен мекенді ұқсату жұмысы кеңінен қолданылсын, сөйтіп құнарлы пішеннің үнемделуіне ерекше назар аударылсын.

Мал қораларында оттықтар болуы шарт. Малды азықтағанда қонды малдар мен арық малдарға азықты таңдап берген жөн. Құнарлы азық ең алдымен ішті малдарға, төлдерге және жұмыс көліктеріне берілсін.

Мал қораларын жөндеу және жылыту жұмыстарының сапасын тағы да бір рет қайта тексеру керек. Мұнда ішті малдар мен жас төлдер тұратын қоралардың жөйі не ерекше назар аудару қажет. Қысқы күндерде малды алысқа айдамау мақсатында, мал қыстауларына жақын жердегі құдықтар мен суаттарды жөндеу керек. Сол сыяқты, мал қораларында арық малдарға су жылытылып берілсін.

Быйыл мал шаруашылығына бірталай жаңа қызметкерлер келді. Бұл жас қызметкерлерді дәрігерлік шараларын үйренуге баулып, оларды мал қыстату маусымын үлгілі өткізуге жұмылдыру қажет.

Қазір колхоздар мен совхоздарда қойларды күзгі шағылыстырудан өткізу және қолдан-руқтандыру маусымы басталды. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті осы жылы 17 октябрьде республикамыздың колхоздары мен совхоздарында қойларды күзгі шағылыстырудан өткізу және қолдан-руқтандыруға әзірлену туралы ариалуы қаулы алды. Бұл қаулы бойынша, облысымыздың колхоздарында биызы жүнді 82 мың қойды будандастыру және 20 мың қойды қолдан-руқтандыру ісі белгіленді. Қойларды шағылыстыру маусымын үлгілі өткізу үшін қолдан-руқтандыру орындарының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек.

Мал шаруашылығын ҚК(б)П аудандық комитеттерінің екінші секретарьлары және аудандық кеңес аткомдері председателдерінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасарлары басқаруға тиіс. Олар мал басын өсіру, оның өнімін арттыру жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастырып, мал шаруашылығы қызметкерлерін көсеміміз Сталин жолдастың тарихи баяндамасына іспен жауап беруге жұмылдыруға міндетті.

Еңбек күнге 70 мал берілді

МАМЛЮТКА. (Өз тілшімізден). Ауданың колхоздарында төл өсіру және ірі малды аман сақтауда үздік шыққан мал өсірушілердің еңбек күндеріне қосымша ақы беріліп жатыр. «Красный орел» колхозының шопаны Чистобаева жолдас әрбір 100 қойдан 108 қозы алып, аман өсіргені үшін қосымша ақыға 11 қозы алды. «1 май» колхозының бұзау күтушісі Леви-на жолдас өзіне бекітіліп берілген бұзауларды толық сақтады. Оның еңбегіне қосымша ақыға екі бұзау берілді.

«Память Кирова» колхозының малшылары Федулов, Акулов және Никулина жолдастар әр қайсысы еңбектеріне қосымша ақыға 2 қозы, Агафонова, Прасулов және Акулова жолдастар әр қайсысы бір қозы алды.

«Новый путь» ауыл шаруашылық артелі мал өсірудің мемлекеттік жоспарын барлық түлік жағынан толық орындады. Колхозда мал шаруашылық өнімдерін дайындау жоспары да толық орындалды. Колхоз басқармасы таңдаулы мал өсірушілердің еңбек күндеріне қосымша ақы ретінде 70 мал бөліп берді.

ДӘРМЕНСІЗ БАСШЫ

«Қара ағаш» ауыл шаруашылық артелінің (Преснов ауданы) председателі Мусабиев жолдас астық дайындауда дәрменсіздікке салынып отыр. Бұл колхозда мемлекетке тапсырылуға тиісті 2800 центнер астықтың 1200 центнері ғана тапсырылды.

«Қара ағаш» колхозы бір онкүндікте еш қандай нәтижеге жете алмады. Мұнда соңғы күндері мемлекетке бірде-бір центнер астық тапсырылған жоқ.

Колхозда күні бүгінге дейін 200 гектар егін бастырылмай тұр. Мусабиев жолдас комбайнға сенумен қымбат уақытты босқа өткізіп жүр. Астықты жай әдістермен бастыру жұмысын ұйымдастыру оның ойына кіріп те шықпайды.

Преснов аудандық партия комитеті «Қара ағаш» колхозының жағдайын жақсарту үшін шара қолдануға тиіс. Ә. НҰРТАЗИН.

Тракторлар тез әрі сапалы жөнделсін

Облысымыздағы машина-трактор стан-цларының қуатты трактор паркі бар. Бұл пенен ауыл шаруашылық жұмыстарының процентін орындауға болады. 1944 жыл-жұмыс жоспары бойынша 15 аттың кү-бар әрбір трактормен 250 гектар жер рту керек еді. Егер бірлік ауыл ша-шылық жұмыстары қысқа мерзімде—тем егісі 25 күнде, пар жұрту 35 күн-егін жыйнау 45 күнде өткізілсе, онда р трактор толық 115 күн жұмыс істей-Бұл мерзім ішінде 450—470 гектар жер туға болады. Олай болса, жоспарда іленген 250 гектар тапсырма өте же-тапсырма болып саналады.

лайда МТСтардың көпшілігі быйыл торлармен істелетін жұмыс жоспарын ідай алмады. 27 МТСтан 1 ноябрьге н жоспарды бар болғаны 4 МТС ғана ідады. Ал, Майбалық МТСында 15 ц күші бар әрбір трактормен 101 гек-Суворов МТСында 112 гектар, Торан-МТСында 118 гектар және Баян МТС 131 гектар ғана жер жұмысталды. мен бұл МТСтарда ауыл шаруашы-жұмыстары қылмысты түрде кешеуіл-ді. Көктем егісі 50 күнге, пар және жұрту жұмысы 50 күнге, егін жый-жұмысы 70 күнге созылды.

йбір МТСтың басшылары еңбек өні-

дың жоқтығынан немесе ауа райының қо-лайсыздығынан деп түсіндіргісі келеді. Шынында бұл шындыққа үйлеспейді. Өйт-кені Куйбышев МТСында әрбір трактормен 257 гектар жер жұртылды. Ал, осы МТС қа көршілес Ильич МТСында тапсырманың жартысы да орындалған жоқ. Коновалов және Ворошилов МТСтарында әрбір трак-тормен 200 гектар жер жұртылды, бұлар-мен көршілес Торанғұл МТСында 104 гек-тар ғана жер жұртылды.

Трактормен істелетін жұмыс жоспарының орындалмағанына қарамастан Бейнетқор МТСында 860 центнер, Суворов МТСында 724 центнер, Полудень МТСында 738 цент-нер, Приешім МТСында 662 центнер жа-нармай артық жұмсалды.

Бұл кемшіліктің сыры неде? Мұны МТС тарда тракторларды жұмысқа әзірлеу, оны ұқыптан сақтау және пайдалану жұмысы нашар болғандықтан, тракторлар мен тіркеу саймандарының тыңғылықты жөнделме гендігінен деп түсіну керек. 1944 жылдың ауыл шаруашылық жұмыстары басталар алдында 200 трактор жөнделіп болмаған еді. Ал, егін жыйнау алдында бүлінген тракторлар саны бұдан екі есе артты. Жөнделудің сапасыздығынан және техника-лық күтудің жоқтығынан барлық МТСтар да әрбір трактор 99 тәулік бойына жөнде-

лары бұл қателіктерден қазірде тиісті қорытынды жасамай отыр. Демек октябрь айында трактор жөндеу жөніндегі тапсыр-ма 15 процент ғана орындалды. Жөнделу-ге тиісті 80 трактордың 12 ғана жөнделді. Тіркеу саймандарын жөндеу жұмысы қолға да алынған жоқ.

Бірсыпра МТСтар күзгі-қысқы трактор жөндеу маусымына әзірліксіз кірісті. Ол олма, кейбір МТС басшылары дала жұ-мыстарына пайдаланылмаған тракторлар мен тіркеу саймандарын МТС орталығына жеткізу жұмысын ұмыт қалдырды. Мұның өзі бірталай тракторлар мен тіркеу сайман-дарының қай жер болса сол жерде қалып қоюына әкеліп соғып отыр. Сол сыяқты, МТСтың өз мастерскойында қосалқы бөл-шектерді жаңғырту, жаңадан жасау жұ-мыстары да ұйымдастырылмай келеді. Трактор жөндеушілердің еңбегін дұрыс ұйымдастыру және олардың тұрмыс қа-жетін өтеу сыяқты маңызды мәселе де ұмыт қалған істің бірі.

Күзгі-қысқы трактор жөндеу маусымы-ның алғашқы күндеріндегі бұл сыяқты әлеулі кемшіліктерге бұдан әрі төзу—тракторлармен істелетін жұмыс жоспарын келесі жылы да орындай алмауға әкеліп соғатындығы даусыз. Сондықтан кемшілік-ті іс үстінде жойып, күзгі-қысқы маусым-да трактор жөндеу жұмысын соғыстағыша ұйымдастыру керек. Ол үшін МТСтың

торлар мен тіркеу саймандарын тез арада МТС орталығына жеткізу қажет. Бұл мін-детті орындау үшін МТСтарда кем деген-де 2—3 трактор және колхоздан жеткілік-ті мөлшерде көлік күші бөлінсін.

Трактор паркінің дер кезінде сапалы жөнделу түйінін кадр шешеді. Сондықтан астық бастырудан бос барлық тракторшы-ларды, бригадирлер мен механиктерді трактор жөндеу жұмысына дереу қосып, трактор жөндеушілердің тұрмыс хажетін тыңғылықты өтейтін болу керек. Сол сы-яқты, кейбір қосылқы бөлшектерді жасау және жаңғырту жұмыстары да МТСтар-дың өз күштерімен істелуге тиіс. Соғыс уақытында басқадан көмек тілеп, тілемсек-тікке салынудан арылатын уақыт жет-кен жоқ па. Әрбір МТСтар трактор жөндеу жоспарының мүлтіксіз орындалуы жұмыс-шылар арасында үгіт-көпшілік ісін және социалистік жарысты өрістетуге байланыс-ты. МТСтың партия ұйымдары үгіт-көпші-лік жұмысы мен социалистік жарысқа ті-келей өздері басшылық жасаулары керек. Сөйтіп, партия және комсомол ұйымдары МТСтар мен совхоз мастерскойларында трактор жөндеу жұмысының қарқынды жа-не сапалы болуын қамтамасыз етуге тиіс.

М. АБАҚУМОВ,

ҚК(б)П облыстық комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімі.

Тұқымдық учаскелердің өнімі жақсы сақталсын

ымдық астықты егін жыйнаған кезеңде жақсы сақтау керек. Тұқым йтын, көгермейтін, зиянды жәндіктер ітін болу керек. Тұқымды құяр ал-онның сапасын лабораторияда тексе-жет. Өйтпесе нашар тұқымнан егін ім шөп басады, егін сирек көктейді. Ілген жақсы тұқым себу—егіннен мол лудың аса маңызды шарттарының йндықтан тұқымды құяр алдынан ашинамен жақсылап тазартып, өбден гау керек. Тұқымның ішінен зиянды стер табылса, ол тұқымды тезінен у қажет. Тұқымның ылғалдығы, бел-ен мөлшерден артық болмау керек. көрсеткенде, жүгері мен тарыдан дәнді егістердің тұқымның ылғал-ы Алматы, Жамбыл, Батыс Казак-Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан об-ында 14 процент, үгілмеген жүгері ның ылғалдылығы 16 процент, тары-3,5 процент болу керек. Солтүстік стан, Шығыс Қазақстан облыстары-нді егістер тұқымның ылғалдылығы 10 процент, тарының 16 процент, басқа об-да дәнді егістердікі 15 процент, ген жүгерінікі 16 процент, тарының 10 процент болу керек.

қстанның солтүстік-шығыс облыста-дәнді егістер жылма-жыл жаңбірлі-ды кезде жыйналады. Сондықтан ылғалдылығы мөлшерден артық бо-Ылғалдылығы 17 проценттен асатын-сы складтарда кептірмей сақтағанда, иістепеді, өңі өзгереді, көктегіштігі . Сондықтан тұқымдық астықты кеп-пен кейін құю керек. Кептіргенде бір рет ұшырып машинадан өткізіп, ау-ғырып кептіру керек. Ал ылғалы-қ тұқымды қызған ауамен кептіру

Тұқымды қызған ауамен бөлек үй-ншада және басқа сондай орындар тіруге болады. дай орындарда жақсы қыздыратын ымқыл ауаны тартатын жаппалы астық жаятын екі-үш қабат сәкі серек. Тұқым кептіретін үйді дәрілеп у қажет. Астық жаятын сәкі немесе и тақтайдан, тығыз тоқыған шетен-асаады. Бұл сәкілер немесе төсеніш ідің жанына таялып тұрмау керек. рдің арасы 40—45 сантиметр, жоға-гі мен үйдің төбесінің арасы 50—60 етр болу керек.

нші дәріленген қапшықтан немесе басқа сондай материалдардан жаса-Жоғарғы сәкіге астық 3—5 санти-орта сәкіге 2—4 сантиметр, төменгі 5—2сантиметр қалыңдықта жайыла-ептірілетін тұқым тазартылған және ыдығы бірдей болу керек. Ылғал-

дылығы бірдей болмаса, тұқым біркелкі кеп-пейді, оның үстіне кептірудің өзі ұзаққа созылады. Үйдің ішіндегі жылылық 40 гра-дустан аспау керек. Тұқымды тез және бір-келкі кептіру үшін әрбір 30—40 минуттан кейін аударыстырып тұру керек. Пешке жақын сәкідегі тұқымды жиірек аударыс-тырған дұрыс. Дымқыл тартқан ауа әрбір 1—1,5 сағаттан кейін труба арқылы шыға-рылып тұрады. Пештің бірқалыпты жағы-луын және үйдің ауасының мезгілінде та-зартылуын бақылап отыру керек. Кепті-рілген тұқым складқа сақтауға құйылады.

Тұқым сақтайтын қойма жақсы, құрғақ, таза және желдетіліп тұратын болу керек. Бұл қоймаларға азық-түлік, жем және ас-тықтың ұшығын сақтамау керек. Қойма-ларда өрт сөндіретін құралдар болу керек.

Тұқым сақтаған қоймаларды күзетуді се-німді күзетшілерге тапсыру керек. Тұқым-бақылау лабораторияларының қызметкерле-рі қоймашыларға тұқымды сақтау жөнінде нұсқау беруге тиіс. МТСтар мен аудандық жер бөлімдерінің барлық агрономдары бел-гілі колхоздарға бекітілу керек. Олар да тұқым сақтау жөнінде тұқым учаскелерінің бастықтарына, қоймашыларға және колхоз председателдеріне нұсқау беруге міндетті.

Тұқымды қоймаға құйғанда бір-біріне қосылмайтын және бузылмайтын етіп қою керек. Егер колхозда бір егістің бірнеше сортты тұқым болса, оның әрқайсысы әр-бір қоймаға немесе жалпы қойманың жеке бөлмелеріне құйылады. Бір сортты, бірақ сорттың тазалығы жағынан әртүрлі тұқым жеке қоймаларға құйылады, қапшықпен сақтағанда жеке-жеке үйіледі. Бір-сортты және сорттың тазалығы бірдей, бірақ са-пасы әртүрлі тұқымды да сондай бір-бірі-нен бөлек сақтау керек.

Елегенде бір-бірінен тез айырыла қой-майтын егістердің тұқымын, мәселен қара бидай мен күзгі бидайдың, бидай мен ар-паның, арпа мен сұлының тұқымдарын жансарлас бөлмелерге сақтауға болмайды. Бір сортты тұқымның екінші сортпен, бір-түрлі егіс тұқымның екінші түрмен, қас-таушы бар тұқымның таза тұқыммен ара-ластырылуына қатты тыйым салынады.

Тұқымдық учаскеге етуге арналған ерек-ше бағалы сортты тұқым және жоңышқа сияқты майда тұқым қапшықта сақталуға тиіс. Басқа егістердің тұқымын қапшық-пен сақтауға да, қоймаға төгіп сақтауға да болады. Тұқым қапшықта сақталса, қойманың ішін дұрыс желдетіп тұру ке-рек, еденнің, жардың ылғалынан зияндал-майтын болу керек. Тұқым салған қапшық тарды үйгенде текшелеп, қапшықтың аузы ішке қаратып үйіледі. Мұндай үйдің ені қарама-қарсы салынған екі қапшықтың

бойынан аспау керек, ал ұзындығы қойма-ның үлкендігіне және сол тұқымның көп-тігіне қарай белгіленеді. Жар мен екі ара және қапшық үйімдерінің арасы 0,5 метрден 1 метрге дейін болу керек. Жақ-сы жөңделіп тұруы үшін қатар-қатардың арасына құрғақ жуқа тақтайлар немесе жоңылған зерделер салу қажет. Асфальт, бетон, тас және соқпа едендерде қапшық-тың астына тақтайлардан уақытша төсеніш жасау керек.

Тұқымды қапшықсыз төккен үйде сақ-тағанда, бір тұқымның екінші тұқыммен араласпауы үшін, тұқымды бөлменің ер-неуіне жеткізе құймай, 15 сантиметр тө-мен құю керек. Бөлмеге құйғанда немесе қапшыққа салып сақтағанда құйған тұқым-ның немесе қатарлап үйген қапшықтың қалыңдығы, биіктігі жылдың маусымына қарай салқын уақытында қапшықсыз құй-ған тұқымның қалыңдығы 2,5 метр, қап-шықтағы тұқымның қалыңдығы 8 қапшық мөлшерінде болу керек, ал жылдың жылы кезінде құйған тұқымның қалыңдығы 2 метр және 6 қапшық мөлшерінде болу ке-рек.

Жаңа бастырылған тұқымдық астықты сақтағанда, құйған тұқымның қалыңдығы жоғарыда көрсетілген мөлшерден 30—40 процент кемітілу керек.

Колхоздарда тұқым қорын маркілеп, әр бір бөлмеге немесе қапшықпен текшелеп үй-ген тұқымға ярлық тағып қою керек. Бұл ярлықта колхоздың аты, складтың немесе бөлменің номері, егістің аты, сорты, жүйе-сі, тұқым сорты туралы документтің но-мері, бір жердегі тұқымның центнер есебі-мен салмағы және тұқымның егіске жарам-дылық сапасы (бақылау-тұқым лаборато-риясының мәліметі бойынша) көрсетіледі.

Колхоздарда тұқым қорын даярлау, құю және сақтау жұмыстарының бәріне тұқым учаскелерінің бастықтары басшылық етуге тиіс.

Тұқымның сақталуын бақылау тексеру комиссияларына жүктеледі. Олар тұқым-ның жайын, сақталуын кемінде айында бір рет тексеріп шығуға міндетті. Бұл жұ-мыстан аудандық жер бөлімдері мен МТС тардың агрономдары да шет қалмауға тиіс. Олар әрбір совхоздағы тұқымның жайын, сақталуын кемінде айында екі рет тексе-ріп тұруға міндетті. Егер тұқымның дұрыс сақталмай отырғаны анықталса, агроном-дар табылған кемшіліктердің бәрін жоюға жедел шаралар қолдануға міндетті.

И. БУЛГАРОВСКАЯ.

Қазақ КСР Жер Халық Комиссариаты-ның сортты тұқым басқармасының аға аг-рономы.

Румынияның уақытша бітім туралы келісімді орындауы

БУХАРЕСТ, (ТАСС). Румынияның бір-сыпра қалаларында одақтастардың бақы-лау комиссиясының қызметкерлері кеңестік Украинадан және кеңестік Молдавиядан румын басқыншылар алып кеткен кеңес мүлкін іздестіріп табуда. Мәселен Буха-рестегі «Монополиэ» темекі фабрикасында кеңес кәсіп орындарынан әкелінген бу қа-зандары, моторлар мен дизельдер табыл-ды; Тузла қаласында, румындар Қишинев-тен алып кеткен сабын фабрикасының жаб-дықтары және әртүрлі көп станоктар мен машиналар табылды. Одақтастардың бақы-лау комиссиясы бұл мүлкті Кеңестер Ода-ғына тезінен жөнелту шараларын қолдан-ды.

Кеңес жерін жаулап алған кезде румын-дар үш мыңнан аса тракторды өз еліне жөнелткен. Қазір одақтастардың бақылау комиссиясы 2000нан аса тракторды тапты. Оның үстіне ауыл шаруашылығының көп-теген саймандары табылды. Комиссия ру-мындардың үкмет орындарына Кеңестер Одағының бұл тракторлары мен ауыл ша-руашылық машиналарын тезінен жөндеуді, мұнан кейін оларды Кеңестер Одағына жө-нелтуді ұсынды. Бұл талап қазіргі уақытта орындалуда.

Алайда, Румынияның кейбір мекемелері мен ұйымдары кеңес мүлкін қайтару жө-нінде келісімнің орындалуына бөгет жа-сауға тырысады. Бұл мүлкті жасырып қа-лу үшін, станоктердегі және басқа мүлікте-гі кеңес маркаларын, белгілерін жойған, тиісті документтерді өртеген реттер болды. Одақтастардың бақылау комиссиясы Румы-ния үкметінен бұған айыпты адамдарды жазалауды, келешекте мұндай әдіс-айлаға жол бермеу шараларын қолдануды талап етті.

Румыния үкметінің Румыния мемлекеттік аппаратын жасырынып жүрген фашистік адамдардан тазартуы қанағаттанғысыз. Баспасөз бетінде хабар етілген соғыс қыл-мысшыларынан басқа, Румынияның өкмет орындары жақын арада бүкіл елде 500ден аса румын фашистерін тұтқыңа алды, бі-рақ мұнан әлде қайда көп фашистер, оның ішінде бұлардың басшылары да осы уақыт-қа дейін бостандықта жүр.

Францияның Европалық кеңес комиссиясына қатысуы жөнінде ағылшын-кеңес-америка мәлімдемесі

1944 жылғы 11 ноябрьде Кеңестер Ода-ғының, Ұлы Британия мен Америка Құра-ма Штаттарының Төтенше және Полномо-щені Елшілері А. Е. Богомолов, Дафф Ку-пер мырза мен Каффи мырза Франция рес-публикасы Уақытша Үкметінің Сыртқы Іс-тер Министрі Биго мырзаға, олардың үк-меттері Лондондағы Европалық кеңес ко-миссиясының жұмысына бұл комиссияның тұрақты 4-мүшесі ретінде қатысу үшін Франция республикасының уақытша үкме-тінің шақыруға келісіп, ұйғарғандығы туралы бірлескен мәлімдеме жасады.

КСРО, Ұлы Британия және АҚШ Елші-лері Биго мырзаға Европалық кеңес комис-сиясында олардың елдері өкілдерінің жө-не олардың француз достарымен бірле-сіп іс етуі жақсы нәтижелер беретіндігіне және демократияшылдықтың жалпы мүдде-сін көздеген баянды әрі ұзақ уақыт бей-бітшілік әзірлеу ісіне тәртіппен әділет-тік ісіне қызмет істейтіндігіне өздерінің сенгендігі білдірді.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

«Октябрь» кино-театрында

Бүгін және күн сайын «МЕН ҚАРА ТЕҢІЗШІМІН» деген көр-кем суретті дыбысты фильм көрсетіледі. Сеанстар кешкі сағат 8-8-10-да бастала-ды.

Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

И. Валескали—Латвия-ның Сыртқы Істер Халық Комиссары

А, 6 ноябрь. (ТАСС). Латвия КСР-ы Кеңесі Президиумының Указы-па, П. И. Валескали республиканың-ы Істер Халық Комиссары болып-ыдалды.

Крылов күніне арналып кітаптар шығарылды

Крыловтың қайтыс болғанына 100-олуына арнап жаңа кітаптар шығару-ленуде. Ұлы мысалшының драмалық-ааларының жыйнағы баспаға берілді.-а «Илья батыр», «Әсем дүкен» тағы-пьесалары кіргізілді. Жыйнақта Кры-л өмір баяны жөніндегі мақалалар-ың драмалық шығармалары бар. Мы-пың суретші Брюлов салған сурет-өптеп шығарылады. Крылов күніне-жазушының өмірі мен жазушылық-іне арналған плакаттар баспадан-қ. (ТАСС).

Қарағанды көмір комбинатының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен басшыларын наградтау

Көмір шығару жөніндегі тапсырмаларды ойдағыдай орындағаны үшін, Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша, Қарағанды көмір бассейнінің 230 қызметкері Қазақ КСР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталды. Наградталған-дардың ішінде: «Сталинуголь» тресінің бас-тығы М. А. Жученко, «Қарағандыуголь» комбинатының жер бетіндегі жұмыстар бас-қармасының бас инженері Ф. Сергазин, Ки-ров атындағы шахтадағы БК(б)П Орталық

Комитетінің парторгі М. Мамыраев, «Ста-линуголь» тресінің № 12 шахтасының пай-далану учаскесінің бастығы У. Ержұманов, «Кировуголь» тресінің №8/9 шахтасының № 5 учаскесіндегі наводоотбойщиктердің әйел жастар бригадасының бригадирі М. М. Козлова, «Ленинуголь» тресінің № 20 шахтасының врубашинисі С. Я. Дегтярев және бассейнінің басқа да атақты кеншілері бар.

3500 МЕТР БИІКТІКТЕ

Биік таулардың үстімен тура байланыс-сымын орнатып жүрген құрлысшылар октя-брьдың 27 жылдығы хұрметіне Отанға тар-ту әзірледі. Бұл байланыс сымы Қырғыз-республикасының астанасы—Фрунзе қала-сын оңтүстіктің бір облыс орталығымен

байланыстырады. Құрлыс жұмыстарының ең қиын учаскесі Тянь-Шань тау асуы-ның төңірегінде, 3.500 метр биіктікте жүр-гізіліп жатыр.

(ТАСС).